АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
СПОРТТЫ ДАМЫТУ ДИРЕКЦИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДИРЕКЦИЯ РАЗВИТИЯ СПОРТА
ГОРОДА АСТАНЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

18. 06. 2025

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 1- 02/58-0

город Астана

Тікелей жасау арқылы
бір көзден алу тәсілімен шарт
жасасу туралы

Спорттық тауарларды сатып алу мақсатында, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Спорттық тауарларды сатып алу үшін (шахмат тақтасы, обруч, жүзу калпағы, жүзу көзілдірігі, асық жиынтығы) тікелей жасау жолымен бір көзден алу тәсілімен шарт жасасу.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасы:

2. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүргізу келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

28) біртекті тауарлардың жылдық көлемі есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен, жұмыстар мен қызметтердің жылдық көлемі есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен, ал аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкім аппараттары үшін төрт мың еселенген мөлшерінен аспаған кезде сатып алынады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы:

506. Заңның 16-бабында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алу тапсырыс берушінің тиісті негіздемесі бар шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

507. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы, оның міндетін атқарушы тұлға, не тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе оның өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға қабылдайды.

508. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 1-бабының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алудың қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

509. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы шешім қабылдаған тұлға мемлекеттік сатып алудың Заңның 1-бабында көзделген қағидаттарын сақтауын қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттік сатып алуға жауапты менеджер Жамаладина А.Т.-ға қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеткізушімен шарт ресімдеу жөнінде қажетті шаралар қабылдауды тапсырамын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшының м.а. **Қ. Ильясов**